

3. «Айқап» / Құраст.: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 367 б.
4. «Жан сөзімді кім түсінер». Алматы, 1994.
5. Қалиұлы С. Қазақ этнопеддагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. (Оқу құралы). Алматы: Білім, 2003.
6. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ

*Бейсенбекова Н.А., т.ғ.к., доцент
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

XX ғасырдың басында тарих сахнасына шыққан қазақ зиялыларының негізгі мақсаты азаттық жолында күресу болды. Олардың бұл күресі қазақ ұлты және оның азаттық идеясын жетілдіруге бағытталды. Отаршылдық жүйеге қарсы азаттық күрес бірнеше кезеңдерінен өтті. Алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрестің жаңа кезеңін бастады. Бұл кезеңдегі күрестің бағыты енді қарумен емес, білім-ғылым арқылы саяси сананы ояту болды. Бұл мақсатқа жету үшін қазақтың оқыған білімді зиялылары Ұлы Дала елінің атақты даналарының және әлемдік тарихтағы ойшылдардың әр ұлттың өзінің тарихындағы ұлттық салт-дәстүріне арналған еңбектерін жақсы білді. Олар «Қорқыт Ата» кітабын «Оғыз-наме» дастанын Ж.Баласағұнның «Құтты білік», М.Х.Дулатидың «Тарихи Рашиди», М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі», З.Бабырдың «Бабырнаме» еңбектерінен қазақтанудың идеясын оқып білді. Отаршылдық саясаттың күшейген дәуірінде қазақ халқының сақталып қалуына қауіп төнгенін білген қазақ зиялылары ұлттың болашағы үшін күресті ғылыми мақалалар мен мерзімді басылымдар шығару арқылы жалғастырды. Осы бағытта олар қазақтың ұлттық азаттық идеясы қазақ этносымен бірге тарихта келе жатқанына ерекше көңіл аударды. Сондықтан да олардың еңбектерінде ұлттық идеяның басты мақсатының бірнеше кезеңдерін көрсетеді.

Бірінші кезең: Қазақ хандығы тұсында мемлекетті нығайту, территорияны қалыптастыру көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнату, елдің бірлігін сақтау (1465-1731 ж.ж.).

Екінші кезең: XVIII ғасырда қазақ қоғамы өз мемлекеттігінен айырылғаннан кейінгі ұлттық идея - азаттық алу, саяси еркіндікті қалпына келтіру жолындағы азаттық идеясы. Бұл кезең 1917 жылға дейін созылды.

Үшінші кезең: Тоталитарлық кеңестік билік орнаған жылдары 1917-1937 жылдары Алаш автономиясы ұлттық идеясы қалыптасты. Қазақ зиялылары оқу-білімді, ағартушылықты бостандыққа жеткізетін жол деп таныды. Солардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылықты ұлт-азаттық қозғалыстың қайнар көзі деп санады. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бірден-бір көсемі Әлихан Бөкейхан болды. Ол қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты еуропалық демократиялық, конституциялық, парламенттік күрес жолына бағыттады. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы ұлт-азаттық қозғалысына гуманистік, ұлттық сипат беріп, жаңа демократиялық күрес жолын негіздеді. Себебі оны қазақ қоғамындағы надандық, қараңғылық, кертартпалық, ұлттың рухани ұйқыдан оянабауы, құлдық санадан шыға алмауы, таланған жері толғандырды. Сондықтан ол өзінің іс-әрекетін қазақ азаттық қозғалысының осындай кемшіліктермен күресуге бағыттады.

Ұлтжанды Алаш зиялыларының арманы тек 1990 жылы 25 қазан айында «Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» қабылданған күннен бастап орындалды. Олар егемендік алу ұлттық идеясының жолында өмірінің соңына дейін қызмет жасады.

Тарихтың даму үрдісінде азаттық идеологиясы жолындағы күрестің мақсатын түсіндіру барысында белгілі бір көшбасшылар, тарихи тұлғалар болады. «Тарихты тұлғалар жасайды» деген шындық — жеке тұлғаның рөлі туралы мәселесімен тығыз байланысты. Тұлғаның қасиеттерінің бірі туралы Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы» деген мақаласында «...Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін ұлттық зиялы қатарына қоса беруге болмайды. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі» [1; 174–176] деп өз заманында көрсетсе, бүгінгі күндері шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде шынайы көшбасшы — тұлға болудың өлшемдері — сенімділік, үміт, оптимизм, табандылық, моральдық пайымдау деумен қатар көшбасшылық теориясы туралы ұстанымдарында көшбасшылық — әр түрлі жолмен анықталып негізделеді дей келе, соның бір белгісі ретінде «көшбасшылық бір топ адамның мақсатқа қол жеткізуіне көмектесетін ықпал ету процесі» деп жазады [2; 262–263]. Осындай тұлғалық қасиетті тарихшы ғалым Л.Н. Гумилев өзінің әйгілі пассионарлық идеясында негіздеген. Ахмет Байтұрсынұлының ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамы үшін атқарған қызметі қазақ халқына рухани жаңа идея берді.

Ұлттық элита дегеніміз зерек ақыл-ойымен, ұтымды іс-әрекетімен, интеллектуалдық көшбасшылығымен халқының алға қарай даму идеясын насихаттап, көп еңбек сіңірген, оның өркениетіне белгілі үлес қосқан, ұлтқа үлгілі қабілетті тұлғалар, ұлтының өсуіне елеулі үлес қосқан адам. Шәкәрім қажы айтқандай «ең жақсы адам». Ахмет Байтұрсынұлы осындай қазақтың ұлттық элитасының бірегейі болғандығын дәлелдейтін дерек оның ағартушылық қызметі. Сонымен қатар ХХ ғасырдың басында бүкіл Азия елдерінде метрополия мен езілген халықтардың арасындағы қарама-қайшылықтардың ерекше шиеленісуі ұлт-азаттық қозғалысын күшейтті. Азаттық күрес ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, шетелдік үстемдікті, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталды. Тарихта бұл уақыт «Азияның оянуы» деп аталды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының ұлт-азаттық идеясын негіздеген тарихи тұлға, рухани көсем ретіндегі рөлінің қалыптасуы төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Қазақ еліндегі 1905 жылы «Қарқаралы петициясын» жазып, дайындалуы азаттық үшін күрестің алғашқы кезеңі болды. Азаттық қозғалыстың алғашқы манифесі «Қарқаралы петициясы» еліміздің тарихында тұңғыш рет отаршыл империяның ең жоғарғы билік орындарына қазақ халқының құқығын қорғаған алғашқы құжат еді. Бұны азаттық қозғалыстың бірінші кезеңі деуге болады. Азаттық манифесі — Қарқаралы петициясында қойылған талаптар арқылы Алаш зиялылары қазақ халқының саяси сана-сезімінің оянуына және ұлттық идеологияның қалыптасуына негіз болды. Соның негізінде патша үкіметі қазақ халқының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Ол талаптар Ресей империясының отаршылдық саясатты тоқтата қоймасада қазақтар Ресейдің І, ІІ Мемлекеттік думаларына депутат болып сайланды. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ – жоқ іздеген халық» -деген пікіріне сәйкес ХХ ғасырдың басында ұлттық идеологияны оқу-білімнен іздеп, қазақтың кім екенін Абай шығармаларынан іздеді [3; 32]. Сонымен қатар, осы кезеңде алаш зиялылары Күлтегін тасына қашап жазылған «Ауыз бірліктің жоқтығынан бек ұлдарын құл болды, пәк қыздарың күң болды» деген даналығын өздеріне тұжырым ретінде қабылдап, оны күрес жолында пайдаланды.

Азаттық ұлттық идеяны насихаттау 1913 жылы «Қазақ» газетін шығару арқылы жалғасты. «Қазақ» газетінің алғашқы санында Ахмет Байтұрсынұлы «Құрметті оқушылар» деп аталатын мақаласында газеттің не үшін керектігі туралы былай дейді:

«Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета солай керек... Жұрттың білімді, пікірлі көргені көп, көсемдері оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп — жол көрсетіп, жөн сілтеп басшылық етіп тұрады... Газета халыққа білім таратушы... Газета халықтың даушысы...» [4; 9] Ақ жол деген тұжырымдамалық идеясы қазақ арасында саяси сананы оятудың мектебі болғаны даусыз.

Оның рухани көсемдік рөлі азаттық күресінің үшінші кезеңінде 1917–1920 жылдары Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылу кезіндегі азаттық, егемендік ел болу жолында атқарған қызметінен айқын көрінеді.

1922–1925 жылдар арасында Халық ағарту комиссариаты ғылыми әдеби комиссиясының, қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарған уақытта ұлттық мүдде үшін күресудің жаңаша ұстанымдарын көрсетуі ресми түрде азаттық алу күресінің жалғасқандығын дәлелдейді.

Ахмет Байтұрсынұлы 1925 жылы жарық көрген «Жаңа мектеп» журналында халық ағарту ісінің ең негізгі және күрделі мәселелерін шешу үшін Әлихан Бөкейхан және тағы да басқа қазақ зиялыларымен бірлесіп ағарту ісін реформалау, мектеп ісін қайта құру, Қазақстанда оқу ісін дамыту сияқты мақалалар жазып ұлттық мүдде үшін бейбіт күресін жалғастырады.

Оның өмірі мен қызметі, қазақтың саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайының жақсаруының барлық салаларын қамтитын ой-пікірлері және идеялары оны ХХ ғасырдағы ұлттық ренессанстың басында тұрған, әлемдік ойшылдар қатарынан орын алатындығының дәлелі. Алаштың ірі тұлғасы - Ахмет Байтұрсынұлы азаттық қозғалыстың рухани көсемі өз заманында ел тек бүгінгі ойласа, менікі ертеңгі үшін өмір сүремін деген ұстанымына берік болған азамат.

А. Байтұрсынұлы ұлттық мүдде үшін күрескен тұлға. Оның пікірінше ұлттық мүдде дегеніміз ұлттың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өміріндегі қажеттіліктер. Еңбектерінің барлығы осы мағынада жазылған. Тәуелсіз ел болу жолындағы оның ұстанымдары бүгінгі Қазақстан Республикасының жаһандану жағдайындағы жастарға ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру, кәсіби шеберлікті жетілдіру, біліктілікті арттыру, ақпараттық инновациялық технологияны меңгеру, бәсекеге қабілетті ел болып, әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіру сияқты стратегиясымен үндесіп жатыр.

Қазіргі Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясында бәсекеге қабілеттілікті арттыру басты мәселе деп көрсетілсе, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл мәселені ХХ ғасырдың басында-ақ тұжырымдап, болашақта жетістіктерге жету үшін ұлттық мүддені сақтау туралы ой-пікірлері «Білім жарысы» атты мақаласында берілген: «...Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар *білімділер, зейінділер* қатыса алады... Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа... Неше түрлі ғылым, өнер — бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарылатын нәрселер... Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әртүрлі істер істейді. Сол істердің бірі — білім жарысы...» деп көрсеткен. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық идея дегеніміз – қазақ халқының дамуының түпкі мақсатын анықтау, нәсілшілдік, ұлттық, діни кемсітушілікке жол бермеу, мәңгілік қазақ елі болып, сақталудың жолын табу. Сондықтан да ұлттық идеология дегеніміз – бірін-бірі толықтыратын озық идеялардың жиынтығы деп санаймыз. Осыған орай бүгінгі Қазақстанның ұлттық идеясы осы жерде мекендейтін барлық халықтардың ортақ мүддесі болуы керек. Бүгінде ұлттық идеяның мағынасы «Қазақ елі. Ынтымақ, бірлік» деген ұғымдармен байланысты. Осы ұғымдарды және ұлттық идеялардың ұстанымдарын балабақшадан бастап жоғарғы оқу орындарында насихаттау жұмыстарын мамандар мен зиялылар жүргізуі керек. Осы тұрғыдан алғанда алаш зиялылары тарихи тұлғаларға үлкен үміт артқан. Оны Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тарихы және тарихи тұлғалары туралы да көптеген мақалаларынан көруге болады. Қазақ елінің тәуелсіздігін армандаған, азаттық

қозғалыстың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ұлт-азаттық идеясын ояту жолында тарихи жырлардағы батырлардың ерліктері туралы және азаттық жолында күресіп ерлікпен мерт болған тұлғаларды, билерді жоқтау өлеңдер арқылы, олардың ерлігін тағылым ретінде көрсеткен. Соған байланысты бүгінгі күні ел тағдырын шешетін ұлттық саяси, шығармашылық элитаның рөлі өте жоғары. Бұл жөнінде тарихшы, ғалым Х.Абзановтың мына пікірінің өзектілігі даусыз «...Бүгінгі күні ұлттық идеологияны айқындайтын – Президент, парламент, Үкімет және үкімет мүшелері, Президентке немесе Үкіметке тікелей бағынышты Жоғарғы Сот, ұлттық банк, қаржы полициясы сияқты құрылым басшылары. Ұлттық элитаның осынау тобын саяси элита десек қателеспейміз...» [3; 47]. Осы ұстаным алаш зиялыларының еңбектерінде де айқын көрінеді. Ұлттық идеологияны жасайтын білімді жастар екенін терең түсінген, тарихтың дұрыс жазылуын негіздеген, қазақ қоғамы мен мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан ұлт ұстазы — қазақ балаларының білім алуына ерекше көңіл бөліп, көптеген еңбектер жазған. Сондай пікірінің бірі «...Біз әуелі елді түзетуді, бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек... болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі... неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі... жастардың да заманы жетер. Жаналыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі — бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс...». Мақаланың негізгі идеясы қоғамдағы әділетсіздік білімсіздіктен туады, сондықтан оқу ғана қоғамды өзгертуші күш бола алады. Қазақ жастары ана тілінде сауат ашып, ұлттық білім алған жағдайда отаршылдыққа қарсы азаттық күрестің мәнін түсіне алады деген сенімде болып, халықты рухани оятуға бағытталған.

Қазақ зиялылары өз заманында ұлттық идеологияның негізгі тірегі тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлген және тілге төнген қауіп-қатерді терең түсінген. Оны алаш партиясының бағдарламасының жобасындағы «Билік Һәм сот», «Ғылым-білім үйрету» деген бөлімдерінде қазақ тіліне ерекше көңіл бөлген. Сонымен қатар қазақша оқу мәселелеріне арнайы мақалалар жазғаны газеттің атын «Қазақ» деп қоюы қазақ тілін шектеуге қарсы күрестің бір формасы болды. Олардың пікірінше қазақ тілінің қолдану аясының тарылуы отаршылдықтың ең басты зардаптарының бірі. Сол үшінде олар қазақ тілі, қазақ мәдениеті, қазақ дәстүрі, қазақ тәрбиесі, қазақ жері деген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан шешу жолында қолдарына қалам алып күресті.

Ахмет Байтұрсынұлының азаттық идеясы жолындағы күрестің рухани көсемі ретіндегі рөлін «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасын дайындаудан да көруге болады. Ол «Алаш» бағдарламасының таптық емес, ұлттық мүдде тұрғысынан, реформаторлық рухта жазылуына ықпал етті. Сонымен қатар бағдарламаның мазмұны қазақ елінің сол кездегі геосаяси, демографиялық жағдайын ескеріп, дайындалды.

Кеңес үкіметі кезінде қазақ революциялық комитетінің төрағасының орынбасары қызметін атқара жүріп, Қазақ автономиясының құрамына барлық қазақ жерін жинаудағы еңбегі ерекше деп санаймыз. Сол кезеңде Челябинск губерниясына еніп кеткен Қостанай уезін қазақ өлкесіне қайтару үшін М. Сералинмен бірге В.И. Ленинге арнайы хат жазып, Советтердің бүкілодақтық атқару комитетінде, РКП (б) Орталық Комитетінде арнайы талқыланудың нәтижесінде 1920 жылы 26 тамызда Қостанай уезі Қазақ автономиясының Торғай облысының құрамына енгізілді. Соның нәтижесінде бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның шекарасы дер кезінде құқықтық тұрғыдан бекітілді.

Қорыта келгенде біз талдаған еңбектердің мазмұнынан Ахмет Байтұрсынұлы ұлы тарихи тұлға және ХХ ғасырдың басындағы азаттық қозғалыс идеясының рухани көсемі болғандығын көреміз. Ұлт ұстазы деген атаққа көзінің тірісінде ие болғаны және оның атқарған жұмыстары бүгінге жеткен рухани мұрасы оның азаттық қозғалыс идеясының және ұлттық идеологияның қалыптасу жолындағы рухани көсем болып, мәңгіге қалатындығын дәлелдейді. Оның тарихи маңызы терең еңбектері өз халқының ғана емес, әлем халықтарының мұрасының бір бөлігі болып саналады. Өзге алашордалықтар секілді Ахмет Байтұрсынұлыда қазақ халқының болашақта үлкен жетістіктерге жетіп, бәсекеге

қабілетті болатынына кәміл сенді және осы жолда өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Ұлт ұстазының негізгі өсиетінің бірі — рудың намысы емес, ұлттың намысы үшін басқалардан кемшілік көрмей, әлемдік деңгейдегі ұлттық мемлекет болу үшін қызмет жасау деген ұстанымы бүгінгі Қазақстанның мемлекеттік идеологиясының тұғыры болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Шоқай М. Таңдамалы. 1-том / М. Шоқай. — Алматы: Қайнар. — 1998. — 512 б.
2. Нортхаус П. Көшбасшылық: теория және практика / П. Нортхаус. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. — 560 б.
3. Абжанов Х., Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. - Астана: «Ана тіл- Ата тарих», 2007. – 272 б.
4. Қазақ газеті. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. — Алматы: Арыс, 2009. — 450 б.

**ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫСЫ М.ДУЛАТОВ – ОТАРЛАУ
САЯСАТЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕР**

Тулесова Д.С.

тарих пәнінің мұғалімі

«Жарық жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қазақстан

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан Алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Сералин, Барлыбек Сыртанов, Бақытжан Қаратаев, Жанша Сейдалин, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Ғұмар Қарашев т.б. қайраткерлер өздерінің тарихи мәні зор мақалаларында жас ұрпаққа оқу-білім алу арқылы елге қызмет жасаудың нақты бағыттарын көрсетіп отырды. Олар ұлтқа қызмет жасаудың ерен үлгісін көрсетіп қана қоймай, әрқайсысы айрықша энциклопедиялық білімге ие және өз салаларының нағыз көшбасшылары болды. Патша өкіметінің қысымында болса да Алаш ұлттық зиялы қауымының өкілдері ұлт болашағы алдындағы міндеттерін жақсы түсіне отырып, Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси ойы мен интеллектуалдық күш-қуатының ғаламат орталығы болған және халық рухын оятудың басты құралы – ел арасында ресми түрде кең тарай алатын, ұлттық идеяны насихаттаудың басты мұраты болып табылған – «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетін ұйымдастырды. Баспасөз құралдары арқылы халықты мектеп ашуға, Ресейдің ішкі өлкелерінен, Қазан мен Уфадан бала оқытатын білікті мұғалімдер шақыруға, оқу үдерісін дұрыс жүргізуге, тәрбие мен өнер үйренудің оң жақтарын насихаттаумен болды.

Қазақ зиялыларының XX ғасыр басында оқу-ағарту саласында ұлт мүддесіне сай, ұлттық деңгейде атқарған істерін жан-жақты зерттеп, зерделеу, олардың іс-тәжірибесін ескеру XXI ғасыр басында, дәл осы салада алдымызда тұрған міндеттерді дұрыс шешуге өз ықпалын тигізуі мүмкіндігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Өйткені, уақыт айырмашылығына қарамастан бұдан жүз жылдай бұрын оқыту, білім беру саласында күн тәртібінде тұрған кейбір проблемалардың бүгінде де алдымыздан шығып отырғандығы өмір шындығы.